

КОРПОРАТИВТІК ЖУРНАЛ

BURGYLAU

МҰРАТБЕК ӨТКІЛБАЕВ -

«ҰЗДІК ЖҮК ТИЕГІШ ОПЕРАТОРЫ»

КУБОГЫ ИЕГЕРІ



«Бұрғылау»
№2/02 (маусым 2018)


Құрылтайшы:
130200, «Бұрғылау» ЖШС,
Жаңаөзен қаласы,
өндірістік аймақ.
Байланыс телефоны:
8(72934) 92-400 (7096)

Жоба координаторы:
«Бұрғылау» ЖШС,
Әлеуметтік даму бөлімі

Редакция алқасы:
Айжан Насырова
Ринат Скаков

- 4 – АРНАЙЫ ТЕХНИКАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ШЕГЕНДЕУ ЖӘНЕ
ӨНДІРІСТІК ҚАМТУ ЦЕХЫНЫҢ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БІТУГЕ ЖАҚЫН
- 7 – ӨТКЕНГЕ – ЕСЕП, БОЛАШАҚҚА – ЖОСПАР
- 17 – АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ
- 18 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ
- 19 – БҰРҒЫШЫЛАР ҰЛЫҚ МЕЙРАМДЫ ҚАРАШАҢЫРАҚТА ТОЙЛАДЫ
- 20 – АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ
- 22 – ТІЗГІНДЕП ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ
- 24 – ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ
- 25 – 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУ
- 26 – ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚАРСаңында
- 27 – ДӘСТҮРЛІ СЕНБІЛІК ӨТТІ
- 28 – ҚАЛАДАҒЫ КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРГЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ
- 29 – ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ
- 30 – ЕРЕН ЕҢБЕК ЖЕМІСІ
- 31 – ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК БҰРҒЫШЫСЫ
- 32 – БІЛІКТІ МАМАН, ҚАМҚОР ӘКЕ
- 34 – БАҚЫТЫ ҮШІН БАЛАНЫҢ
- 35 – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ
- 36 – ДАЛАДАЙ ДАРХАН АЗАМАТ
- 38 – МАҚТАУЛЫ МАМАНДЫҚ МЕНҒЕРГЕН
- 40 – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ЖИЫН ӨТТІ
- 41 – АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ
- 42 – СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР ӨТКІЗІЛДІ

Журнал Алматы қаласы,
«GUPPY PRINT» баспаханасында басылып шықты.
Тираж - 95 дана
Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға рұқсат етілмейді.
Редакцияға жолданған материалдарға
рецензия жасалмайды және қолжазба авторға
қайтарылмайды.



«Бұрғылау» ЖШС ұжымы бас директор Дүйсенбай Таушановты 2018 жылдың 10 мамырында басқа қызметке ауысуына байланысты салтанатты түрде шығарып салды.

Дүйсенбай Камешұлы «Бұрғылау» Серіктестігіне басшылық қызметке 2016 жылы тағайындалды. Еңбек жолын сонау 1983 жылдары қарапайым бұрғышының көмекшісі қызметінен бастаған ол өзінің қабілет-қарымының арқасында білікті басшы деңгейіне дейін көтеріле білді. Серіктестікте Д. Таушановтың басшылығымен көптеген жаңашылдықтар орын алды. Д. Камешұлына жаңа қызметте табыс, отбасына амандық тілейміз.

Қазіргі таңда «Бұрғылау» ЖШС бас директорының міндетін атқару қызметі бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Бақытжан Қожанепесовке жүктелді.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Ел экономикасының дамуында сүбелі үлесін қосып келе жатқан «Бұрғылау» ЖШС мемлекеттің қара алтын өндірісінде өзіндік орны бар ірі компания. Ұдайы даму мен жаңаруды мақсат еткен кәсіпорын өз жолында жаңа асуларды бағындырып, жылдың алғашқы жартысын табыспен қорытындылады деп нық сеніммен айта аламыз.

Бүгінде «Бұрғылау» ЖШС-да соңғы үлгідегі заманауи бұрғы қондырғылары қызмет етеді. Жаңа көліктер мен арнайы техника сатып алынып, транспорттық парк жаңаланды. Қондырғыларды орнатуда калийхлорлы ерітінді мен телеметрикалық құрылғылар қолданылып, жаңа бу қазандықтары іске қосылды. Жұмыс процесінің барлығы дерлік автоматтандырылып, әлеуметтік төлемдер, жұмысшыларға берілетін материалдық көмек, жылдық сыйақы мөлшері, медициналық сақтандыру мен емделуге бөлінетін қаржы, транспортпен қамтамасыз ету, әртүрлі бағыттағы демеушілік көмектер саны өсуде.

Жұмысшы мүддесін ең бірінші орынға қоятын мекеме қызметкерлер үшін бар қолайлы еңбек жағдайын жасауды көздейді. Бұл орайда, 2017 жылдың мамыр айында шегендеу цехының кеңейту жұмыстары басталған болатын. Нысандардың 95 пайызында құрылыс жұмыстары аяқталып, бүгінде өз жұмысын бастап та кетті.

Одан бөлек, жұмысшылардың демалуын ұйымдастыру, балалар демалыс лагері, қайырымдылық шаралар, қаланың мәдени-спорттық шараларына атсалысу секілді маңызды іс-шаралар күн тәртібінен түскен емес.

Елбасымыз Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ашықтық пен бәсекеге қабілеттілік-



ті рухани жаңғырудың негізгі бағыты ретінде көрсетті. Технологияның қарыштап дамыған дәуірінде кез келген компания ақпараттық ашықтыққа дайын болуы керек. Осыған орай, бүгінде екінші саны жарық көріп отырған мекеменің ұжымдық журналында «Бұрғылау» ЖШС-ның өндірістік-әлеуметтік дамуы, мәдени-спорттық өмірі, кәсіпорын дамуында аянбай тер төгіп жүрген абыройлы қызметкерлер жайында материалдар айқын көрініс тапқан.

Алда туған өлкеміз Жаңаөзен қаласының 50 жылдық торқалы тойы, мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесі секілді ауқымды шаралардың өткізілуіне өз үлесімізді қосу міндеттері тұр. Баршаңызды осы атаулы мерекелермен шын жүректен құттықтай отырып, елімізге береке мен бірлік, әр отбасыға амандық тілеймін.

Бақытжан ҚОЖАНЕПЕСОВ,
«Бұрғылау» ЖШС
бас директорының м. а.

АРНАЙЫ ТЕХНИКАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ШЕГЕНДЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАМТУ ЦЕХЫНЫҢ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БІТУГЕ ЖАҚЫН


Жаңаөзендегі «Бұрғылау» ЖШС — іргетасы 1965 жылы қаланған, яғни, жарты ғасырдан астам тарихы бар өндірістегі іргелі бұрғылау кәсіпорындардың бірі. Еліміздің экономикасының артуына сүбелі үлес қосып келе жатқан бұл мекеменің қара алтын өндірісінде өзіндік орны бар. Бүгінгі күні жұмыс жасауға барлық жағдай жасалған кәсіпорында бұрғылау жұмыстарынан бөлек арнайы техникамен қамтамасыз ететін шегендеу және өндірістік қамту цехтары да жұмыс жасайды.



Аталған мекеменің құрылыс-шаруашылық бөлімшесінің бастығы Ернар Ешмұқан кәсіпорында атқарылып жатқан іргелі жұмыстар туралы кеңінен айтып берді. Оның айтуынша, 2017 жылдың 4 мамырында шегендеу цехының кеңейту жұмыстары басталып, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары сәтті жүргізілуде.

Айта кететін ең ірі өзгерістердің бірі — жаңадан іске қосылған көлік жуу орны. Жалпы, бүгінде Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде су тапшылығы басты экологиялық





проблемалардың біріне айналып отырғаны белгілі. Ал бұл мекемеде ақпан айында іске қосылған көлік жуу орнында көліктерді жууға пайдаланылған ағынды су қайта қолданылады. Яғни, техниканы жуып-шайған су бір сыйымдылыққа барып құяды да, тазарту құрылғысы арқылы тазартылып, қайта қолдануға мүмкін болады. Бұл суды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіні анық. Өйткені, бұл жерде келіп тұрған орталық су құбырының желісі жоқ, су тасымалмен алдыртылады. «Тасымалмен келген соң бізге суды тиімді пайдалану керек болды. Сондықтан осындай идеяны өзіміз ұсынып, арнайы тазарту техникасын Ресей елінен алдырттық. Ресейлік компания мамандары келіп орнатып берген техника суды тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Айына 100 арнайы техника жуылып, суды ысыраптамай жұмыс істеп келеді», дейді Ернар Ешмұқан.

Көлік жуу орны ашылған күннен бүгінге дейін шамамен 400-500-ге жуық техника жуылған. Жалпы, бүкіл қала бойынша мұндай технологияларды пайдаланып, су ресурстарын қайта өңдеуге мүмкіндік беретін бір де бір мекеме жоқ деуге де болады.

«Көлікті жуған суды қайта пайдалануға болады. Мысалы, арнайы ағынға жиналған 100 куб судың 80-90 кубы тазартылған соң қайта пайдалануға жарамды. Ал қалған 10 пайызы өте лас, жарамсыз, топырақты су.

Су көлемі осындай мөлшерде алынатындықтан, әрине, оған таза су қосып, қайта пайдалана береміз», дейді басшы. Сондай-ақ, судың арнайы қоспалары бар және су құрамын бақылап отыруға мүмкіндік жасалған.

Тағы бір атқарылып жатқан жұмыстардың бірі – механикалық жөндеу цехының сыртқы қабырғаларының барлығы арнайы металдық жабдықпен жабықталып, едендеріне эпоксидті жабынды төселген. Бұл - төзімді, соққыға шыдамды, сырлы материал. Сондай-ақ цехтың іші де толық жаңартылған. Бүгінгі таңда жұмыстың көп бөлігі атқарылып, азғантай электр жұмыстары мен өрт қауіпсіздігі техникасына арналған дабылды орнату жұмыстары ғана қалған.

Үшінші жоба - арнайы техникаға арналған ангардың жұмысы. Іші толық жаңартылып,



сырты сырланған материалмен қапталған. Бұрын ангардың іші күнге желінген ескі қаптамамен тұрған. Қазір ішіне эпоксидті төсеме төселген. Сондай-ақ ангардың ішіне келген техниканың түтінін ғимарат ішіне шығармай, сыртқа тасымалдайтын құрылғы орнатылған. Ол машинадан шыққан газды вентиляциялық жүйе арқылы сорып алып, сыртқа шығаруға мүмкіндік бермейді. Бұл жайында Ернар Ешмұқан: «Сонымен қатар автоматтандырылған қақпа қойылды. Ангарадағы жұмыс 100 пайызға бітті деуге болады», - деді.

Төртінші нысан тіркемелі арнайы техникаларға арналған. Оның астында көліктерді қарайтын шұңқыр, үстінде көлеңкесі бар. Яғни, жөндеу жұмыстары ыңғайластырылған.

Бесінші нысан – арнайы техникалар жөндеуге арналған Бокс. Ол жерде де көлік тексеретін шұңқырлы орын, май бөлгіш бар. Әкелінген май арнайы сыйымдылық мөлшерінде тұрады. Құйып алған кезде де, майды бөлген кезде де компьютер арқылы барлығын бақылап отыру мүмкіндігі қарастырылған. Оның ішінде бір мезгілде 6 арнайы техниканы жөндеуге болады. Сондай-ақ 1 тонналық, 5 тонналық жүкті көтергіш кран балкілері де бар. «Бұрын жұмыс автоматтан-

дырылмаған болатын. Бүгінде бәрі керісінше. Сондай-ақ, ғимарат ішінде жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Барша нысандардың үстінде газды инфракүлгін жылытқыш бар. Ол Испаниядан әкелінген», - дейді. Сондай-ақ, шегендеу цехының маңында толық асфальт төсемелері төселген. Бір ерекшелігі – асфальт тек төселіп қана қоймай, оны ұзақмерзімді пайдаға асыру көзделген. Жаңбыр жауған кезде су асфальттың бетінде тұрмайды. Ол өзінің еңісімен келіп, арнайы су жүйелеріне, жылғаға ағады да, сол жерде жиналады. Жиналған жаңбыр суы сорып әкетіледі. Яғни мұнда жаңбыр жауған кезде асфальтта су ұсталмайды. Бұл оның ұзақмерзімге шыдамдылығын арттырады деген сөз.

Нысанда шегендеу цехының жұмысшыларына арналған 500 адамдық киім ауыстыру орны жасақталған. Әйелдерге және ерлерге арналған арнайы бөліктерден тұратын жерде жуыну орындары, дәретхана да салынған. Бұл жерде тек өрт дабылын салу жұмыстары ғана қалған. Ал төселіп жатқан асфальт алдағы бір аптаның ішінде аяқталуға жақын көрінеді. Бұл жұмыстарды орындаушы мердігер компания «Жігермұнай сервис» мекемесі шілде айының соңында барлық жұмысты аяқтауға уәде беріп отыр.



ӨТКЕНГЕ - ЕСЕП, БОЛАШАҚҚА - ЖОСПАР

«Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмысшы мүддесін әрқашан бірінші орынға қояды және қызметкерлер үшін бар қолайлы еңбек жағдайын жасауды көздейді. Бұл орайда, кәсіпорында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Бүгінде компанияда соңғы үлгідегі 20 озық технология үздіксіз жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, өндіріс қарқынын үдету мақсатында 2017 жылы барлығы 15 автокөлік және арнайы техника сатып алынып, іске қосылды. Өнімділікті арттыру аясында 114,3 диаметрлі бұрғы қондырғылары жаңа 101,6 диаметрлі бұрғыларға ауыстырылды. Шегендеу цехының автожүргізушілері 7 күндік ауысымға шығарылды. Қауіпсіз, үнемді диодты жарықшамдар, МНТ-700 бу қазандықтары орнатылды. Ақпаратты онлайн режимде беріп отыратын есептігіш құрылғылар іске қосылды. Бұрғы қондырғыларының электр энергиясын тұтыну шығынын азайту мақсатында конденсаторлы қондырғылар қойылып, F-800 бұрғы сорғылары модернизацияланды. Қондырғыларды шегендеу бөлімі калийхлорлы ерітінді пайдалануға көшірілді. Сондай-ақ, қондырғыларды орнатуда телеметрикалық құрылғылар қолданылуда. Бұл өзгерістер колонналарды бекіту сапасын айтарлықтай жақсартты. 2014 жылмен салыстарғанда көрсеткіш 40 пайыздан 62 пайызға өсті. «Пульсар» құрылғысын пайдалану арқылы шығындар есебін автоматтандыру жүйесі енгізілді.

«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС-НЫҢ БҰРҒЫ ҚОНДЫРҒЫЛАР ПАРКІ

Қазіргі таңда «Бұрғылау» ЖШС-да төмендегідей бұрғы қондырғылары жұмыс істеп тұр:


1. Жүк көтергіштігі 125 тн. МБУ-125 бұрғы қондырғысы – 5 дана (2003-2006 жылы шығарылған)
2. Жүк көтергіштігі 160 тн. HRI-700 бұрғы қондырғысы - 1 дана (2001 жылы шығарылған)
3. Жүк көтергіштігі 160 тн. IRI-5000 бұрғы қондырғысы - 3 дана (2001 жылы шығарылған)
3. Жүк көтергіштігі 100 тн. KB-200 бұрғы қондырғысы – дана (1994 жылы шығарылған)
4. Жүк көтергіштігі 125 тн. ZJ-20 бұрғы қондырғысы – 8 дана (2011 жылы шығарылған)



ШЕГЕНДЕУ ЦЕХЫНЫҢ АРНАЙЫ ТЕХНИКА ПАРКИ

№ п/п	Техника маркасы	Жалпы саны	Сатып алынды	Күшін жоюды талап етеді
1	Автокөліктер және арнайы техника	219	<u>15</u>	<u>50</u>
1.1	Жеңіл	6	2	5
1.2	Жүк көліктері, борттық көліктер	22	0	11
1.3	Арнайы техника	191	13	34
2	Автотіркемелер	<u>58</u>	<u>0</u>	<u>1</u>
2.1	Автотіркемелер және тіркемелер	58	0	1
	Барлығы:	277	15	51

АРНАЙЫ ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТРАНСПОРТ ПАРКИ



■ қанағаттанарлық ■ күшін жоюды талап етеді ■ жаңа техника



«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС-НЫҢ 2018 – 2020 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНА ЖАСАЛАТЫН ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

2018 жылдың 1 Наурызында Ұжымдық шарт жаңа жобасы қабылданып, бірқатар өзгерістер енгізілді.

№	2015-2017 жылдар арасындағы Ұжымдық шарт	2018-2020 жылдар аралығындағы Ұжымдық шарт
1	Еңбек жағдайлары аса зиянды және аса қиын жұмыстарда істейтін Жұмысшылардың еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы белгілеу	
	бұрын болмаған	Процедура жасақтап, Ұжымдық шарт қолданысқа енгізілгеннен бастап төлем жүргізу
2	22 наурыз, “Мұнайшылар күні”, “Тәуелсіздік күні” және Халықаралық әйелдер күніне (8 наурызға 30 АЭК) берілетін сыйлықақы көлемі	
	35 айлық есептік көрсеткіш	40 айлық есептік көрсеткіш
3	Жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін берілетін материалдық көмектің мөлшерін жоғарылату	
4	60 АЕК	75 АЕК

Еңбек қауіпсіздігіне келер болсақ, соңғы жылдары өндірісте бірде бір бақытсыз жағдай тіркелмегені қуантарлық жайт. Серіктестік адам қауіпсіздігін алдыңғы қатарға қоятындықтан, болуы мүмкін келеңсіздіктердің алдын алу бағытында қызметкерлерге ұдайы жоспарлы түрде оқу-түсінік жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағыттағы атқарылған тағы бір жұмыс – арнайы жұмыс киімдерінің өзгертілгендігі. Аталған шара қызметкерлердің талап-тілектерін ескере отыра жүзеге асырылды. Нәтижесінде 2017 жылдан бастап жаңа сапасы жоғары киімдер қолданысқа енгізілді. Бұрын арнайы киімдердің түсі әртүрлі болса, жаңа шешімге сәйкес қызыл біркелкі түс ретінде таңдалып, арнайы киімдер осы түсте тігіле бастады.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША КОМПАНИЯДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ



№ п.п.	Атауы	Саны
		2018 жылдың бірінші жартысы бойынша
1	Оқыс жағдай	1
2	Өрт	1
3	Апат	0
4	Оқыс оқиға, оның ішінде:	0
5	өлімге апаратын	0

Өндіріске байланысты оқыс оқиғалар тіркелген жоқ.
 Жылдың алғашқы жартысында 1377 қызметкерге жоспарлы оқу-түсінік жұмыстары жүргізілді.
 Қызметкерлер уақытылы қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.


ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ СЫЯҚЫ МӨЛШЕРІ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА ЖОҒАРЛАУДА

«Халық-Казахинстрах» Қазақстан халық банкінің еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ ерікті сақтандыру бағдарламасы

№	Сақтандыру жүйесі (әр жұмысшыға)	2016 жыл (теңге)	2017 жыл (теңге)	2018 жыл (теңге)
1	Сақтандыру сыйақысы	32 000	77 000	90 000
2	Дәрі-дәрмек және тіс	22 000	65 000	65 000
3	Жалпы сақтандыру соммасы	500 000	3 300 000	3 300 000



БҰРҒЫШЫЛАР БРИГАДАЛАРЫНДАҒЫ ТАМАҚТАНУ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ АУЫСЫП, ТАМАҚТАНУ ЖҮЙЕСІН БАҚЫЛАУ ЖЕҢІЛДЕДІ



СКУД SIGUR БАҒДАРЛАМАСЫН ОРНАТҚАНҒА ДЕЙІН:

- Айына 16 000 дана талон дайындалатын
- Талонның әр бетіне екі компанияның мөрі басылатын
- Талондар цехтар мен бөлімшелерге таратылатын, айдың аяғында пайдаланылған талондар кері қайтарылатын
- Есептеу қолмен жүргізілетін
- Талондарды дайындауға 1 аптадай уақыт кететін
- Есептеу жүргізуге 6 күн жұмсалатын.



ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ АУЫСЫМ АЛДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ МАҚСАТЫНДА ЖАҢАДАН МОДУЛЬДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ





ДЕЙІН



КЕЙІН

АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН СЕРІК-ТЕСТІКТІҢ ВЕБ-САЙТЫ, ФЕЙСБУК, ИНСТАГРАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРІНДЕ ПАРАҚШАЛАР АШЫЛДЫ



Тағы бір айта кетерлік жетістігіміз – бұл «Бұрғылау» ЖШС-ның тарихында тұңғыш рет ұжымдық журналдың жарық көруі. 2018 жылдың басында алғашқы саны жарияланған «Burgylau» корпоративтік басылымында компанияның құрылған кезден бергі тарихы мен бүгінгі күні, кәсіпорын дамуында аянбай тер төккен ардагер қызметкерлер туралы очерктер, өндірістегі жаңашылдықтар, атқарылған жұмыстар жайында материалдар жарияланды. Алдағы уақытта да компания жаңалықтарын аталған мерзімді басылым бетінен оқи аласыздар деген сенім білдіреміз.

«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС ТАРИХЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ҰЖЫМДЫҚ ЖУРНАЛ ЖАРЫҚ КӨРДІ



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Бұрғылау жұмыстары қалай басталды?
1970 жылға дейін Маңғышлақтағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылау Жаңаөзен қаласында орналасқан бұрғылау жұмыстары трестерінің күшімен жүргізілді.

Алғаш басқармалар қай кенорындарда бой түзеді?
1970 жылдың 1 қыркүйегінде бұрғылау жұмыстарының бұрынғы трестінің базасында бұрғылау жұмыстарының Өзен және Жетібай басқармалары құрылды.

Алғашқы басшылық құрамы қандай болды?
Басшылар болып Н. Марабаев, Д. Нұрисламов, Қ. Қарамұрзаев тағайындалды.

КОМПАНИЯ ТАРИХЫ

Бұрғышылардың өз міндеттерін табысты орындауы Өзен мұнайшыларының өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік берді, олар Өзен кенорынан мұнай өндірісін арттырып, жылына 17 миллион тоннаға дейін жеткізді.

ҰҢЫМАНЫ БҰРҒЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР
Н. Марабаевпен, М. Чудновскиймен, В. Бурхаймен жасақталған Өзен алаңындағы техникалық суды ұңғыманы бұрғылау технологиясы үлкен маңызға ие болды. Сондай-ақ, күкіртсутекті контурда бұрғылау проблемасы шешілді. (Т. Чудновский, А. Абрахманов).
А. Еремин басқарманы бригада жылына 60 мыңнан кем емес тау жынысын бұрғылады, бұл ол уақытта Қазақстанда ғана емес, КСРО-да да рекордтық көрсеткіш болып есептеледі.

Мұнай өнеркәсібі министрлігі бұрғылау бригадаларының арасында Бүкілодақтық социалистік жарыстардың нәтижесі бойынша аталған бригада ұжымы бірнеше рет бірінші орынға ие болып, «КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ең үздік бұрғылау бригадасы» атағын алды.

МҰНАЙ БҰРҒЫЛАУДА ҮЗДІК АТАҢЫҢҒЫ БЕТІП ЕЛЕНГЕНДЕР
VIII бесжылдықта Өзенде үздік бұрғышылар тобы қалыптасты. «Социалистік Еңбек Ері» атағын алған бұрғылау шеберлері – А.П. Еремин, Т. Кадыров, Г.И. Шевченко. Бұрғышылар тобы үлкен үкіметтік марапаттарға ие болды. «Ленин» орденімен бұрғышылар Х. Мұхаметдинов және Т. Оспанов, «Октябрь революциясы» орденімен бұрғылау шебері Г. Әбдіразақов пен мұрада тұрғызу кәсісінің прорабы Ш. Ахметов, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен бұрғышылар М. Бегов, А. Заматин, А. Медеуов, «Қызыл Ту» орденімен Н. Алмағамбетов, К. Қазығасымов, Д. Базарбаев, Н. Тасбулатов, машинист А. Жолмағамбетов, күрделі жұмыстар шебері П. Филин, электр тістерші Б. Мұхамбетов, моторист В. Қыдырбаев, мұрада тұрғызу кәсісінің тістершілер бригадирі Ш. Қосбаев, ӨКБ темір ұстаы В. Тыченко, «Құрмет белгісі» орденімен бұрғышылар А. Байжанов, Т. Базарбаев, В. Төтеев.

ҚАЙ БРИГАДА ТӨП ЖАРЛЫ?
Басқарманың 10 бригадасы Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ең үздік бригадасы атағына ие болды, ал Басқарманың өзі 1970-1980 жылдары төрт рет Одақтың бұрғылау кәсіпорындарының арасында жеңімпаз атанды және КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ауспалы Қызыл Туына ие болды.

ЖЕТІСТІКТЕР
Мұнай Министрлігінің, Бүкілодақтық кәсіподақ кәсіпшілігінің Ауспалы Қызыл Туы 4 рет жеңімпаз. Серіктестік ұңғымаларды бұрғылау мен күрделі жөндеуден өткізуде шетелдік және жеке фирмалармен жұмыс жасауда тәжірибе жинақтады. Қолда бар бұрғышылар тобы мен бұрғылау қондырғыларының парк санында бірлік шығатын мен оған тас жетірде жұмыс өндірісін орындауға мүмкіндік берді. Аудандық инженерлік-технологиялық қызметінің саны екіден төртке дейін көбейді. Бригадалармен байланыс нығая түсіп, басқару жеңілдеді, электронды байланыстар орнатылды. Мамандар жұмыс процесін өз жұмыс орындарында отырып бақылауға қол жеткізді.

Жаңару мен даму бағытында заман талабына жауап беру аясында компанияның логотипі ауыстырылды.

Сондай-ақ, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында әлеуметтік сауалнамалар жүргізілді.

Кең көлемде «Ұжымдық мәдениет» тренингі, қызметкерлерге арналған алғашқы тимбилдинг ұйымдастырылды. Тренинг-семинарларды жүргізуге арнайы жоғары білікті мамандар шақыртылды.

БІЛІКТІЛІКТІ КӨТЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОҚУЛАР



Атқарылған жұмыстар нәтижесінде, әлеуметтік төлемдер, жұмысшыларға берілетін материалдық көмек, медициналық сақтандыру мен емделуге, мәдени іс-шараларға бөлінетін қаржы, жылдық сыйақы мөлшері, жұмысшылардың демалысын ұйымдастыру, балалар лагеріне берілетін жолдамалар саны, транспортпен қамтамасыз ету, әртүрлі бағыттағы демеушілік көмектер саны өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өсті.

Қала көлемінде әртүрлі мәдени, қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырылды. Демеушілік бағытта қаладағы көпқабатты үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, спорттық сайыстардан «Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері үнемі алдыңғы орындарды еншілейтіні біз үшін зор мақтаныш және абырой.


Ағымдағы жұмыстардың қатарында өткен жылдың мамыр айында басталған шегендеу цехының кеңейту жұмыстары бар. Аталған нысандардың 95 пайызында құрылыс жұмыстары аяқталып, бүгінде өз жұмысын бастап та кетті. Одан өзге, Компания «ALMAU» университетімен келісім-шартқа отырып, MBA бағдарламасы бойынша қызметкерлеріміздің білімін шыңдауға мүмкіндік жасадық. Қазіргі таңда Серіктестіктің 5 инженер-техникалық қызметкері 2 жылдық MBA бағдарламасы аясында магистр дәрежесіне оқып жатыр. Сондай-ақ, былтыр басталған IWCF халықаралық стандарты бойынша қызметкерлерді оқыту биыл да өз жалғасын тапты. Жылдың алғашқы жартысында 166 қызметкер аталған бағытта біліктілігін шыңдады. Өндіріс қарқынын арттырып, бұрғылау уақытын барынша қысқарту үшін арнайы тік қоқыс сорғыларын сатып алу жоспарда тұр.

Атқарылған іс аз емес, алда жоспар одан да көп. Мұнай саласы еліміздің экономикасын дамытатын локомотив. Ендеше, біздің мекеме де осынау алып механизмнің бір бөлшегі ретінде еліміздің көркейіп, өлкенің дамуына, экономиканың қарыштап өсуіне өз үлесін қосып келе жатқанын мақтан тұтып, зор абырой санайды. Алдағы міндет – мемлекетіміз ұстанған тұрақтылық пен ілгерілеу жолында аянбай еңбек ету.


Думан МУСИН
«Бұрғылау» ЖШС бас директорының орынбасары

БҰРҒЫЛАУ ЖШС-НЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА СӘЙКЕС АТҚАРЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР КӨРСЕТКІШІ


2013-2018 ЖЫЛДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРҒА МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК (мың тг.)




МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ, ЕМДЕЛУ (мың тг.)




ӘЛЕУМЕТТІК-МЕДӘНИ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ (мың тг.)











ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР (мың тг.)



БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ЖОЛДАМАЛАР (мың тг.)



ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ (мың тг.)

ТРАНСПОРТ (автобус) (мың тг.)

ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕКТЕР, КӘСІПОДАҚ (мың тг.)

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНА ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАР (мың тг.)

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ФОНДЫ, БАРЛЫҒЫ (мың тг.)

8 НАУРЫЗ ЖӘНЕ НАУРЫЗ МЕРЕКЕЛЕРІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)

МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ, МЕРЕКЕЛІК СЫЙАҚЫ (мың тг.)

Жылы	Барлығы	8 наурыз, Наурыз мерекесі	Мұнайшылар күніне орай	Тәуелсіздік күні мерекесіне
2013	11 384 818,60	142 785	134 518	135 208
2014	13 244 446,40	184 760	174 124	176 913
2015	14 532 953,50	203 619	187 267	186 276
2016	13 667 847,10	215 798	196 482	199 868
2018	19 238 094,90	230 211	211 086	209 959

«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС ЖҰМЫСШЫЛАР КӘСІПОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ 2018 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА АТҚАРҒАН НЕГІЗГІ ЖҰМЫСТАРЫ

9-12 ақпан аралығында Бурабай демалыс орындарын қарап, тексеруге Ақмола облысы Щучинск қаласына 3 қызметкер іссапарға жіберілді.

10 адамға Ақтау қаласында ҚР Еңбек Кодексі туралы өткен семинарға қатысуға жағдай жасалды.

Наурыз мерекесіне орай кәсіподақ мүшелеріне 2200 сыйлық дайындалып, таратылды.

«Техникалық инспектор және өнеркәсіптік қауіпсіздігі» оқу семинарына Щучинск қаласына 14 қызметкер барды.

Жыл басынан бері кәсіподақ мүшелеріне еліміз бойынша таңдаулы 18 демалыс орнына жолдама беріліп жатыр.

«Три оф лайф» жазғы демалыс орнымен келісім-шарт жасақталып, жолдамалар берілуде.

Ұжымдық шартқа қол қойылып, 40 АЕК мерекелерге, 75 АЕК еңбек демалысына қосылды.

6 ай ішінде резервте жүрген 70 жұмысшы тұрақты жұмыс орындарға орналастырылды.

«Ер Қосай» мешітінің жөндеу жұмыстарына 130 мың теңге демеушілік көмек көрсетілді.

Кәсіподақ тарапынан 250 мың теңге бөлініп, ауызашар берілді.

Сондай-ақ, қаладағы жас спорт мектептеріне демеушілік көмектер көрсетілді.

Денсаулық жағдайына байланысты қызметін жалғастыра алмайтын жұмысшылардың орындарына жақындарын жұмысқа қабылдауға қол жеткізілді.

26-27 сәуір күндері Ақтау қаласында волейболдан өткен турнирге 8 қызметкердің қатысуына мүмкіндік жасалды.

Сонымен қатар, қоғамдық бірлестік мүшелері тұрақты түрде кәсіподақ жиындарына іссапарға жіберіледі.

МҰРАТБЕК ӨТКІЛБАЕВ — ҮЗДІК ЖҮК ТИЕГІШ ОПЕРАТОРЫ

Сәуір айында Алматы қаласында елімізде тұңғыш рет «Үздік жүк тиегіш операторы» Кубогы өткізілді. Шараны XCMG (Xuzhou Construction Machinery Group Inc.) зауытының қолдауымен «Компания Ас-Ай ЛТД» ЖШС ұйымдастырды. Сайысқа «Бұрғылау» ЖШС атынан Шегендеу цехының жүргізушісі, ХОН жүк тиегіші Мұратбек Өткілбаев қатысып, асқан шеберлігінің арқасында 18 үміткердің ішінен 1-ші орынды жеңіп алып, «Үздік жүк тиегіш операторы» Кубогының иегері атанды.

Өріптесімізді шын жүректен жеңісімен құттықтап, еселі еңбегі мен мекеме абыройын асқақтату жолында қосқан үлесі үшін зор алғысымызды білдіреміз!



АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 29 жыл толуына орай «Бұрғылау» ЖШС-да мекемеде қызмет ететін Ауған соғысы ардагерлері мен Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан азаматтарға сый-құрмет көрсетілді. Ардагерлерге арнап мерекелік дастархан жайылып, 17 қызметкерге ақшалай сыйақы берілді. Ардагерлер өз кезегінде ризашылықтарын білдіріп: «Біз көрген қиын кездерді кейінгілер көрмесін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, енді соғыс болмағай» деген тілектерін жеткізді.



БИЛЬЯРДТАН АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА ЖАРЫС ӨТТІ

7 Мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 Мамыр Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай, Жаңаөзен қалалық Ардагерлер Кеңесінде бильярдтан жарыс ұйымдастырылды. Аталған сайысқа «Бұрғылау» Серіктестігінің зейнеткерлері де қатысып, мекеме жалпы командалық есепте 3 орынды еншіледі. Жүлделі 1 орынға Асан Бекбатыров лайық деп танылса, Түркменбай Досжанов 2 орынды иеленіп, Жәңгірхан Бопыл 3 орынды қанжығасына байлады. Марапаттау рәсіміне «Бұрғылау» ЖШС Кәсіподақ ұйымының төрағасы Сәкен Бекқалиев және бас директордың орынбасары Думан Мусин қатысып, жеңімпаз ардагерлерге сыйлықтар табыстады.



Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады



«Дүниеде үш нұр болса, біріншісі – күннің нұры, екіншісі – ақылдың нұры, ал үшіншісі – ананың нұры» дейді халық даналығы. Бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесік тербеткен нәзік жаңдыларға қандай сый-құрмет көрсетілсе де артық емес.

Осынау көктемнің шұғылалы мерекесінде «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Дүйсенбай Таушанов кәсіпорынның қыз-келіншектерін 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Бүгінде отбасының тыныштығы мен береке-бірлігін сақтап қана қоймай, қоғамның әр саласында қызмет етіп, ел дамуына тікелей атсалысып жүрген аруларымызға алғысын білдірді. Сондай-ақ, елеулі еңбектері мен мұнай саласындағы жетістіктері үшін бірқатар қыз-келіншектерді алғыс хаттармен марапаттап, сыйлықтар табыстады.



Амал келді – Жыл келді

Амал - Қазақ халқының ежелден келе жатқан мерекелерінің бірі. Бұл – күн мен түннің теңелген тұсында, қыстың бейнеті мен қиындығынан аман-есен шығып, халықтың Наурыз мейрамы алдында мәре-сәре болатын күндерінің бірі. Амал – қол алысып, көрісумен ғана өлшенбейді. Бұл күні адамдар арасындағы бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, жақын жандар бір-біріне амаңдық-саулық тілеседі. Көрісу – ағайын мен туыс арасындағы байланысты бектітетін тамаша дәстүр.



Осындай игі мереке - 14 наурыз Амал күні «Бұрғылау» ЖШС бас директоры Дүйсенбай Таушанов таңертеңмен кәсіпорын автобекетінде қызметкерлермен көрісіп, Амал мерекесімен құттықтады. Мерекеге орай жыл сайынғы дәстүр бойынша автобекетте дастархан жайылып, қызметкерлер ұлттық тағам бауырсақ пен шұбаттан ауыз тиді.

БҰРҒЫШЫЛАР ҰЛЫҚ МЕЙРАМДЫ ҚАРАШАҢЫРАҚТА ТОЙЛАДЫ

Наурыз - көктем мейрамы және Орталық Азия халықтарының Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді. Жыл өткен сайын Наурыз мейрамы елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде.



Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамын «Бұрғылау» ЖШС өзінің игі дәстүрінен танбай мекеменің қарашаңырағы саналатын Қызылсай ауылында тойлады. Мерекеге орай киіз үйлер тігіліп, ауыл тұрғындары мен қонақтарға сый-сия-

пат көрсетілді. Жиналған қауымға концерттік бағдарламамен қатар сахналық қойылымдар ұсынылды. Сондай-ақ, арқан тарту, қазақша күрес, зіл тасын көтеру секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті.

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ



Ерқожа Бекбосинов «Бұрғылау» серік-тестігінде шегендеу цехының жөндеушісі. Әке-шешеден жастай айырылған ол еңбекке ерте араласты. Бүгінде 40 жылдан астам еңбек тәжірибесі бар, өмірден көрген-түйгені бір адамға азық болар азамат.

Ерқожа Бекбосинов 1958 жылы киелі Маңғыстау облысы Форт-Шевченко районы Қызылөзен селосында дүниеге келеді. Туған ауылында 8 жылдық мектепті бітіргесін Таушық тарихының ажырамас бір бөлігіне айналған кәсіптік білім беретін СПТУ-82 училищесіне түседі. Оқу ордасын жүргізуші-тракторист мамандығының иегері болып аяқтап, 1976 жылы Ақшұқыр совхозына жұмысшы болып орналасады. Совхозда мал тоғыту, төлдету, қырку секілді жұмыстарды атқара жүріп, трактор айдап, шөп науқанына қатысады. Кейін 1987-1997 жылға дейін Маңғыстау облысының «Монтажно-наладочное управление» ЖШС-да жүргізуші қызметін атқарады. 2000 жылы Жаңаөзенге қоныс аударып, «Жаңаойл» мекемесіне жұмысқа орналасады. «Мекеменің

түрлі ауыспалы қиын кезеңдерін бірге көріп келеміз. 2007 жылы «Бұрғылауға» қосылдық. Бүгінде еліміздегі ірі компаниялардың қатарындағы мекемеде еңбек етіп жүргенімді мақтан тұтамын. Әріптестерім өте жақсы. Үлкен бір ұжымды сауатты басқарып, мекемені алға жетелеп отырған басшылармыздың біліктілігінің арқасы», - дейді Ерқожа аға.

Өмір бойы шопыр болып, ауыр техникалардың құлағында ойнаған Ерқожа аға бүгінде денсаулық жағдайына байланысты жөндеу цехында слесарь. Механикалық жөндеу цехын «Бұрғылаудың» медпункті десек те болғандай. Бойында ақау табылып, сыр берген техника осы жерге келіп тиісті ем-домын алып, қатарға қосылып кетеді. Мамандар бір техниканы жөндеуге кейде 1-2 сағат, кейде бірнеше күн кететінін айтады. Бірақ, қолымыздан келгенше таңертең келген көлікті жұмыс күнінің аяғына дейін шығаруға тырысамыз дейді.

Ерқожа Бекбосинов отбасын 1997 жылы құрады. Бүгінде жолдасы

Қыдырхан апамен 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген абыройлы отбасы. Үлкен қызы Назира қазір тұрмыста. Айгерім болашақ ұстаз, қазір соңғы курста. Еркебұланы электрик. Ал кенжесі Темірлан студент, спортқа жақын. Оқу орнының қоғамдық өміріне белсене араласып, жайдарман ойындарында, спорттық сайыстарда алдыңғы қатардан көрініп жүрген озат студенттердің қатарынан.



«Әкем талапшыл, тазалықты, тәртіпті жан сүйетін адам. Айтқанынан қайтпайды. Әкеміздің айтқаны біз үшін заң. Бірақ сырттай қатты көрінгенімен жүрегі жұмсақ. Бала дегенде шығарда жаны бөлек», - дейді қызы Назира.

Ерқожа ағаның ата-анасы да киелі Маңғыстау топырағында дүниеге келген. 4 ағайынды. Әулет аты ауыл-аймақ арасында ерекше құрметпен аталады. Үлкен ағасы Нұрқожа Таушық селосының қалып-

тасуына айтарлықтай үлесін қосқан адам. Қазір осы ауылда ардагерлер кеңесінің төрағасы. Бауырлары да түрлі салада абырой биігінен көріне білген азаматтар. Үлкендер салып берген жолды Ерқожа Бекбосинов та абыроймен жалғады. Айрандай ұйыған отбасына асқар тау әке болса, жұмыста жастарға үлгі болар озат қызметкер. Әрдайым «Арым жанымның садағасы» дегенді өмірлік ұстанымына айналдырған ағаның деніне саулық пен отбасына амандық тілейміз.



Е.Бекбосинов отбасымен

ТІЗГІНДЕП ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ



Мұнай өндірісі – қарапайым сөзбен жеткізуге болмайтын күрделі процесс. Бұл жұмыста мұнайшылардың да, бұрғылау маманы, бұрғы жөндеушілердің де, жүргізушілердің де еңбегі орасан. Көп жылдан бері мұнай саласындағы жүргізуші Төреғали Өзбекқали осындай жүйелі процестің бір бөлігін абыроймен атқарып келе жатқан маман.

Өзбекқали Төреғали 1969 жылы Аққұдық ауылында дүниеге келген. Әкесі өмір бойы осы совхозда жүргізуші болып қызмет етіпті. «Әке көрген оқ жонар демекші, әкемнің күнделікті тірлігін көріп өскеннен болар, мен де жүргізушілік жолына түстім», - дейді Өзбекқали аға.

Аққұдық ауылында 8 жылдық мектепті бітірген соң зейнетке шыққан әкесі бала-шағамен Өзенге көшіп келіпті.

1987 жылы Украинаға әскерге аттанып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарады. Әскерден келген соң жүргізуші болған аға осы күнге дейін темір тұлпарды тізгіндеп келеді екен. Ал «Бұрғылау» мекемесіне жүргізуші болып 1997 жылы қабылданыпты. Өзбекқали ағаның айтуынша, сол жылдардан бері өзгерістерді өз көзімен көріп, талай нәрселердің куәсі болған. Әсіресе, технологияның дамып, жұмыстың өзгеру барысын көргендіктен, жақсы жаққа өзгерістер мол екенін айтты.

Өзбекқали Төреғали 1991 жылы отбасын құрған. Құдай қосқан қосағы бастауыш сынып мұғалімі. 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасында балалардың алды анасының жолын қуып, ұстаздықты таңдапты. «Балаларым өздеріне ұнаған мамандықты таңдағаны маңызды. Менің жолымды қумады деген ой ешқашан болған емес», - дейді қамқор әке.

Қара алтынды алатын мекемеде жұмыс істеуді Өзбекқали аға абырой көреді. Себебі

мұнайды өндіру, алу техникасын көру – кез келген адамның маңдайына жазыла бермейді. Яғни, аға ауырлығы да, қызығы да мол жұмыс істеп жүр. Ал осындай жұмысқа келгенде қол ұшын созып, көмектерін аямаған асыл ағалары жадында мәңгі сақтаулы. Солардың бірі әрі бірегейі – Аташ Өтебаев пен Тоқмағамбет Базарбаев.

Өзбекқали ағаның атасы соғысқа кетіп, келмеген. Ал анасы тыл ардагері, әкесі жүргізуші болғанын жоғарыда айттық. «Солардың көрген ауырлығын көрмей, бүгінде бейбіт елімізде Қазақстанның қара алтынын – мұнайын өндіруге аз да болса үлесімді тигізіп жатқаным – мен үшін үлкен бақыт. Өз саласында адал еңбек ету – бұл да бір жақсылық, елдің дамуына қосып жатқан үлесім деп ойлаймын», - дейді Өзбекқали аға.



*Өзбекқали Төреғали
отбасымен*

ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

Биылғы бірлік мерекесі қала басшылығы бастаған, мемлекеттік, өндірістік, коммуналдық, жеке меншік әртүрлі мекемелер қоспаған, жаңаөзендік барлық өнерпаздар жұмылдырылған үлкен мейрам ретінде аталып өтті. Шараға 8 мыңдай жаңаөзендік қатысты. «Ұлт бірлігі – Ұлы байлық» атты мерекелік шеруде қала әкімі Әділбек Дауылбаев татулығы жарасып, ел ертеңінің берекелі болуы үшін ортақ мүддеге тоғысқан қала халқына алғысын білдіріп, ізгі тілегін жеткізді. Құттықтау сөзден кейін Бейбітшілік көшесі бойымен қаладағы барлық мемлекеттік, коммуналдық мекемелер, өндіріс кәсіпорындары, денсаулық, банк саласының қызметкерлері, оқу ордалары мерекеге тән сән-салтанатпен жүріп өтті.

Мерекелік шеруге аталған мекемелермен қатар, бас директор Дүйсен-

бай Таушанов бастаған «Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері де белсене қатысты. Шеру барысында серіктестік туралы репортаж оқылып, топтың алғы шебінде арнайы жабдықталған автокөлікпен шыққан Исаев бригадасының жұмысшылары жиналған қауымға бұрғылау жұмысының барысын көрсетті.

Мейрам қала өнерпаздарының дайындаған мерекелік концертіне ұласып, тұрғындар арасында суретшілер байқауы ұйымдастырылды.



1 МАМЫР –

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУ

Кәсіпорын дамуында ынтымақ пен бірлікте аянбай еңбек етіп, мекеме дамуында өздерінің елеулі үлестерін қосып жүрген Ким Артур Сафронович (көлік бөлімінің инженері), Латыпов Рустам Лутович (бұрғылау қондырғысының бастығы),

Балабеков Эдик Заиддинович (бұрғылау бригадасының машинисті), Григорьев Владислав Валерьевич (бұрғылау бригадасының машинисті), Дубро Олег Иванович (шегендеу цехының жүргізушісі), Васенко Андрей Владимирович (шегендеу цехының машинисті), Фараджев Гусейн Кадыр-Оглы (шегендеу цехының жүргізушісі) және Тойлыев Баба (дәнекерлеуші) секілді қызметкерлерімізге ерекше алғысымызды білдіреміз!



ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚАРСАҢЫНДА



Ұлы Жеңістің 73-ші көктемі қарсаңында, «Бұрғылау» Серіктестігінің бас директоры Дүйсенбай Таушанов пен мекеменің жалпы сұрақтар бойынша атқарушы директоры Сенбек Нәбиев қала әкімдігінің өкілдерімен бірге қаламыздағы Ұлы Отан Соғысының ең соңғы ардагері Кеңесбай Еңсегеновтің отбасында болып, мерекемен арнайы құттықтады.

Дүйсенбай Таушанов ардагерге кәсіпорын қызметкерлері атынан екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі үшін, сондай-ақ, қала дамуында, жас ұрпақты тәрбиелеуде

қосқан өлшеусіз еңбегі үшін алғысын жеткізіп, бағалы сыйлықтар табыстады. Батыр ардагер өз тарапынан ризашылығын білдіріп, батасын берді.

АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

«Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері кәсіпорын ардагерлерімен кездесті.

Шараға Таңбай Қойшыбаев, Болатбай Қарамұрзаев, Ізтұрған Ұзақбаев, Тыныштық Базарбаев сияқты Өзен кен орнын алғаш игеруге атсалысқан бұрғышы ардагерлер қатысты. Ардагер азаматтар өткен еңбек жылдарын еске алып, қиыны мен қызығы мол уақыттардан сыр шертіп, теңдессіз тәжірибелерімен бөлісті. Кейінгі ізбасарларына бағыт-бағдар, ақыл-кеңестерін беріп, жас ұрпақты бейбіт заманның қадірін ұғынуға, ел келешегі үшін еңбек етуге шақырды. Ұрпақ сабақтастығын қалыптастыру арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді мақсат еткен кездесудің жастарға берер ұлағаты мол болды.



ДӘСТҮРЛІ СЕНБІЛІК ӨТТІ

«Бұрғылау» Серіктестігінде игі дәстүрге айналған, кәсіпорын зейнеткерлерімен сенбілік өткізілді. Сенбілікке қатысушы кәсіпорын жұмысшылары мекеме аумағын қоқыстардан тазартып, әктеп-сырлап, аумақты көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарымен айналысты. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дегендей, кәсіпорын зейнеткерлері мекеме аумағына ағаш көшеттерін отырғызып, сенбілікке өз үлестерін қосты. Сонымен қатар, зейнеткерлерге арнап, ән-күймен сенбілік дастарханы ұйымдастырылды. Өз кезегінде, зейнеткерлер кәсіпорын ұжымына ризашылықтарын білдірді.



ҚАЛАДАҒЫ КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРГЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ



Кез келген қала келбетінің көріктене түскені маңызды. Қала келбеті тек сәнді де сәулетті үйлер, жасыл желекті саябақтармен ғана емес, тазалығына да байланысты. Осы ретте ағымдағы жылы «Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жаңаөзен қаласының «Шұғыла» шағынауданындағы 27, 28, 29, 30 және 35 үйлердің кіреберістерін жөндеуге қатысты. Құрылыс-шаруашылық бөлімшесінің бастығы Ернар Ешмұқанның айтуынша, кейбір үйлерде 6-7 кіреберіс бар болғандықтан, жұмысты жеңіл деп айта алмайсың. Дегенмен, тозығы жеткен тіреуіштерді алмастырып, бекітіп, шатырдың жиектерін қайта тіреу, қала тұрғындары үшін қауіпсіз жағдай жасау да көңілге бір мақтаныш сезімін ұлататындай. Осындай көзге көрінбейтін, бірақ жауапкершілігі мол жұмыс 21 ақпан күні

басталып, бір айға жетер-жетпес уақытта, наурыз айының ортасында аяқталды.



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ

Адам өмірі – мемлекеттің ең басты құндылығы. «Бұрғылау» ЖШС-де қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін сақтау бірінші кезекке қойылған. Мекемеде бұл тұрғыда оқу-түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады. Осыған орай, жуырда кәсіпорында 2018 жылға бекітілген жоспар бойынша Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, мекеменің бас инженері Мұрат Балышановтың қатысуымен оқу-жаттығу жұмыстары өткізілді.

«Баршаның назарына!» дабылы бойынша эвакуациялық іс-шаралар және ерікті өрт сөндіру құрамаларының қатысуымен өрт сөндіру оқу-жаттығуы жүргізіліп, ғимараттың байланыс, энергия, газ, су және транспорттық коммуникациялық жағдайларына тексерулер жүргізілді. Серіктестіктің жылдық жоспар бойынша өткізген оқу-жаттығуы сәтті аяқталды.



ЕРЕН ЕҢБЕК ЖЕМІСІ



Бүгінде бүкіл әлем Қазақстанды дари-
ядай қара алтын иесі ретінде таниды.
«Еңбекпенен ел көгерер, жаңбырменен
жер көгерер» демекші, бұл ретте мұнайшылар-
дың тынымсыз еңбегі, ұрпақтың болашағы үшін
төккен маңдай тері көл-
көсір екені сөзсіз.

Осы жолда аянбай ең-
бек етіп келе жатқан жан-
дардың бірі – Ашықбаев
Аманқос. Ол 1960 жылы

3 сәуірде Түркменстанда дүниеге келген. Он жылдық мектепті бітіре сала мұнайшылардың ортасына келіп, еңбекке араласып кеткен Аманқос аға әскерге аттанып, 2 жылдық борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін де «Бұрғылау» мекемесіне қайтып оралып, бұрынғы жұмысын жалғастырған.

7 балалы отбасынан шыққан Аманқос Ашықбаевтың отбасын мұнайшылар династиясы десек те болады. Айтуынша, ол 1984 жылы Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына жұмысқа орналасып, 5 жылдай қызмет еткен. Сол кезде қолдау білдіріп, көп нәрсе үйреткен жандардың бірі өзінің туған ағасы Амантұрлы Ашықбаев болса, оның әкесі Кенжебек те 1967 жылы осы мекемеде қызмет етіпті. Аманқос аға кейін бұрғы жөндеу маманы қызметіне ауысқан. Бүгінгі таңда ол аталған цехта үзбей тынымсыз жұмыс істеп келеді. Сол кезден бері Аманқос аға күнде таңғы 8-ден кешке дейін осы жұмысты серік еткен. Қызметінде ол жарамсыз болып қалған бұрғыларды жөндейді, қажет кезде ішіндегі жарамсыз детальдарды ауыстырады. Қиын жұмыс атқарса да, осы күнге дейін өз қызметінен тартыншақтаған емес. Тіпті, бұзылған бұрғыны жөндеуге ең кемі 2 сағат, ең көбі 12 сағат уақытын жұмсаса да, қиындықтан қашып, жұмысынан бас тарту туралы ешқашан ой келмейті. Дегенмен, физикалық тұрғыда көп күшті талап ететіндіктен, жұмысы шаршататынын жасырмайды. «Бірақ шаршағанда қолдау білдіретін отбасы барда, ол қиындық та тез ұмытылады», - дейді Аманқос аға.

Аманқос Ашықбаевқа үнемі қолдау білдіріп, жігерін еселендіріп отыратын отбасында жолдасы мен екі ұл, екі қызы бар. 1985 жылы отбасын құрған аға отанасымен Еркін, Ерлан, Бегайым мен Гүлайым атты балалар сүйіп, қазір солардың қызығын тамашалап жүр. Үйінің сәнін келтіріп отырған жеңгейдің мамандығы – дәрігер. Ал Еркін атты ұлы Аманқос ағаның жолын қуып, мұнайшы болыпты.

Отбасында да, жұмыста да гармония орнаған Аманқос ағаның еңбегін бағалаған басшылық оған мұнайшылар күніне алғыс хаттар беріп, суретін құрмет тақтасына бірнеше мәрте іліпті. «Үздік маман» деген атағы тағы бар. «Өзің жақсы жұмыс істесең, басшылық та жақсы. Барлығы адамның өзіне байланысты. Бір қуанатыным, әріптестерімізбен ауызбіршілігіміз жарасқан ұжымбыз», - дейді еңбекқор аға.

Бір қызығы, осындай өміріне риза қамкөңіл мұнайшы телефон ұстамайтынын, көңіл тыныштығы мен жан қалауына ерекше назар аударатынын айтты.

ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК БҰРҒЫШЫСЫ

Өткен жылдардағы мұнай және газ саласындағы қиыншылықтарға, техника тапшылығына қарамастан адамдар, дәлірек айтсақ мұнайшылар қандай да болмасын кедергі атаулыны жеңе білді. Заманауи техника әкелініп, жаңа технологиямен жұмыс жасалып жатыр дегеннің өзінде қазіргі таңда бұл салада жұмыс жасау асқан еңбекқорлықты, денсаулықты және мұқият қызметті талап етеді. Жаздың шіліңгір ыстығында, қыстың қақаған боранында, күздің қара суығында құйын жортқан құла түзде мұнай өндіру оңай шаруа емес.

Бұрғылау ЖШС-да жылдар бойы адал еңбек етіп, жұмысшы ретінде қабырғасы қатайып, тәжірибесі шыңдала түскен жандардың бірі – Нұрлыбек Масақбаев. Ол 1978 жылдың 20 қарашасында Түркменстан Республикасы, Бекдашы қаласында дүниеге келген. Отбасында алты ағайынды Нұрлыбек мектепті Бекдашы қаласында тәмамдаған.

Мектеп бітірген соң Қазақстанға қоныс аударып, 1997 жылға дейін еңбекке араласып, СУМР базасында құрылысшы, байланысшы қызметтерін атқарған. 1997-1999 жылдары әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеген. 1999 жылдың қыркүйек айында зауытқа әр түрлі жұмыс атқаратын маман боп орналасып, онда екі жыл еңбек еткен. Бригадаға бұрғышынның көмекшісі қызметіне ауысып, бұл қызметте жеті жыл бойы еңбектенген. Еңбегі еленген Нұрлыбек бүгінде бұрғышы. Өткен жылы «Жылдың үздік бұрғышысы» атағын алған маман мұндай номинацияға ие болу үшін ұжым арасындағы ауызбіршілік пен еңбекқорлық керек дейді.

- Жұмысқа орналасқанда қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандықты игеруге көп шеберлеріміз көмек қолын созды. Солардың ішінде ерекше есімде қалған шеберіміз –

Виталий Иванов еді. Ол бізге үйрену, іздену керектігін айтып, қазіргі заманда онсыз табысқа жету мүмкін еместігін түсіндірген болатын, - дейді Нұрлыбек Масақбаев.

Үзік бұрғышы жұбайымен бірге қазіргі таңда бір бала тәрбиелеп отыр. Босуақытында балық бағуды әдетке айналдырған. Марапаттың биік тұғыры – бала-шағасы мен әулетінің алдында еңсесі түспей, ұрпағын қамқорлап, адал еңбектеніп, оның жемісін көру емес пе?



БІЛІКТІ МАМАН, ҚАМҚОР ӘКЕ



Қазақстанның қазба байлықтарының ішінде ерекше орны бар мұнайды алу – оңай жұмыс емес. Осындай қиын да маңызды жұмысты атқарып келе жатқандардың бірі – Боранбай Құрмантайұлы Құлбаев Красноводск ауданында 1966 жылы 20 желтоқсанда дүниеге келген. Сол жақтағы 8 жылдық қазақ мектебін бітірген соң оның отбасы 1984 жылы тамызда Өзенге көшіп келіп, қараша айында ол «Бұрғылау» мекемесіне жұмысқа орналасады.

Алғашында жас та болса, бұрғылау көмекшісі болып қызмет еткен Боранбай аға 1985 жылы 2 жылға әскерге кетіп,

келгеннен кейін 2003 жылға дейін Газ өңдеу зауытында жұмыс істейді. Бірақ, осыныша жыл үзілістен соң Боранбай Құлбаев жас күнінде істеген таныс жұмысқа – бұрғылау көмекшісі қызметіне осы мекемеге қайта жұмысқа келді. Қазіргі таңда бұрғышы қызметінде.

«Жұмысымыз үйреншікті, күнделікті қайталанып отырғанымен, маңызды әрі жауапкершілікті талап етеді. Себебі күнде таңертең келіп, ауысым жасаймыз. Міндетті түрде жан-жақты тексеріп, бұзылған-бұзылмаған жерлерді көріп аламыз. 1 ауысымда 12 сағат бойы 7 адам жұмыс істейміз», - дейді.

Әлем бойынша бұрғылауда рекорд жасап, қазу тереңдігінің көрсеткіштері ескеріліп жататыны белгілі. Осы ретте Боранбай ағаның тәжірибесінде ең терең қазған бұрғысы 2250 км екен. Оны ұжым болып шамамен бір ай уақытта абыроймен бітіріпті. Боранбай ағаның айтуынша, адам өзіне керек нәрсені тез үйренеді. Себебі ынта барда, қабылдау жеңіл. Сол ынтаның арқасында ол үлкен буыннан көп тәжірибе алып, қазір өзі де жастарға жол сілтер жанға айналып отыр.

Боранбай Құлбаевтың ата-анасы мал шаруашылығымен айналысқан. Әйтседе отбасында өзі бастап, үш інісі қостап бұрғылау жұмыстарында жұмыс істеп келеді. 1990 жылы отбасын құрған Боранбай аға, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Қызын құтты жерге қондырған әке қызының да мұнайшы болғысы келгенін, бірақ кейін басқа мамандықты таңдағанын, қазір екі жиен немересі бар екенін айтты.

Отбасын өзінің киелі мекені санайтын аға ұжымда да сыйлы көрінеді. «2004 жылы жұмысқа орналасқан күнімнен бастап Боранбай аға жол сілтеп, бар ақылын аямай, бізді де қамқорлығына алып келеді. Көп нәрсе үйрендік, жұмысты жылдам орындайтынына әлі күнге тәнтіміз. Ол кісінің тәжірибесі көп әрі біліктілігі жоғары», дейді Айтжанов бригадасының бұрғы шебері Асқаров Нұрғанат. Жолдасы Дина Сахиеваның айтуынша, Боранбай аға жұмыста ғана емес, үйде де талапшыл әрі бала тәрбиесіне басты назар аударады. Содан да болар, ұлын түрлі үйірмелерге қатыстырып,

домбыра сабақтарына берген. Сол еңбегінің жемісі болар, ұлы былтыр Алматыда ментальды арифметикадан өткен жарыста бірінші орын алса, Астананың 20 жылдығына арналған «Ақ көгершін» фестивалінде домбырадан 1 орын алыпты. Жұмыстың ауырлығына қарамастан отбасыны қатар алып жүрудің ең үздік үлгісі осы болса керек.

Б.Құлбаев отбасымен



БАҚЫТЫ ҮШІН БАЛАНЫҢ



1 маусым - халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бұрғылау» ЖШС қызметкерлерінің мүмкіндігі шектеулі балаларына «Жаннұр» мейрамханасында мерекелік кеш ұйымдастырды. Мерекелік шараны бас директордың орынбасары Думан Мусин, атқарушы директор Сенбек Нәбиев және кәсіподақ ұйымының төрағасы Сәкен Бекқалиев ашып, балаларға құттықтау тілектерін жеткізді.

- Бала - біздің болашағымыз, үмітіміз. Балғындардың қуанышты жүзін көру кез келген жан үшін бақыт. Бүгінгі жайылған ақ дастарханымыз - осынау маңызды күнде сіздердің қуаныштарыңызға ортақтасу ниетінде, - деді «Бұрғылау» ЖШС бас директорының орынбасары Думан Мусин.

Сән-салтанатқа толы мерекені мекеме қызметкерлері дайындаған «Бауырсақ» ертегісі ашты. Одан кейін балалар тақпақ айтып,

ертегі кейіпкерлерімен бірге ән салып, би биледі. Мерекеге келген балғындардың барлығына сыйлықтар үлестірілді. Кеш соңында ата-аналар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, балалар сүйікті мультфильм кейіпкерлерімен естелік суретке түсті.

Алтынай, Жұлдызай есімді егіз қыздардың анасы Камшат Еркембаева: «Ата-ана үшін ең бастысы - баласының денсаулығы мен бақытты жүзін көру. Осындай керемет кеш ұйымдастырып, бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған «Бұрғылау» мекемесіне зор алғысымды білдіремін», - дейді.

Мекеме басшылары сондай-ақ, қаламыздағы Маңғыстау облысы білім басқармасына қарасты оңалту орталығының тәрбиеленушілерін мерекемен құттықтап, сыйлықтар таратты.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Аталған шараны Серіктестік кәсіподақ ұйымымен бірлесе Халықаралық балаларды қорғау күні шеңберінде маусымның 2-сі және 3-і күндері «Мұнайшы» мәдениет үйінде өткізді. Мерекелік концертте бүлдіршіндердің көңілін көтеруге жергілікті өнерпаздармен қатар Ақтау қаласынан арнайы шақыртылған қуыршақ театры, балалардың сүйіктілеріне айналған ертегі және мультфильм кейіпкерлері, сиқыршылар мен сайқымазақтар өнер көрсетті. Балалар кеш жүргізушілері ұсынған түрлі концерттік нөмірлерді тамашалап қана қоймай, ойындарға қатысты, ән салып, сүйікті кейіпкерлерімен флешмоб биледі. Концерт көруге келген әрбір балаға ұйымдастырушылар атынан балмұздақ ұсынылды. Бір күнде 4 сеансты қамтып, екі күнге жалғасқан мерекелік концертті жалпы саны 3712 бала тамашалады.



ДАЛАДАЙ ДАРХАН АЗАМАТ



Пейілі тұлғасына сай дархан азаматтың аузын апса жүрегі көрінетін кең көңілі мен ақниеті айналадағыларды сүйсіндермей қоймайды. Бұл сөздер «Бұрғылау» серіктестігінің бұрғышысы Мереке Матиков жайында. Еңбек жолын мұнай алаңынан бастаған Мереке бүгінде Қосжанов бригадасының бұрғышысы. Аптап ыстық пен сақылдаған сары аязға қарамастан жер қойнауына бұрғы жіберіп, мұнай игеріп, ел экономикасының дамуына титтей де болса өз үлесін қосып жүрген бұрғышы өз бақытын еңбектен тапқанын айтады.

Мереке Сарыұлы 1981 жылдың 2 қаңтарында Маңғыстау облысы Сенек ауылында дүниеге келеді. Он баланың кенжесі туған ауылында Қашаған Күржіманұлы атындағы орта мектепті аяқтап, Жаңаөзен қаласындағы О.Тұрмағанбетұлы атындағы мұнай-газ колледжіне оқуға түседі. Кейін Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде білімін жалғайды. Мұнай саласында әртүрлі қызметтер атқарып жүрген ол 2006 жылы «Бұрғылау» мекемесіне бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Содан бері осында. Алғаш бұрғы алаңына келгенде жұмыстың қыр-сырын үйретіп, еңбекке

баулыған бұрғышы Орынбай Қосжанов, Сенболат Алпысбаевтарды құрметпен еске алады.

«Бұрғышының еңбегі аса ыждаһаттылықпен сақтықты қажет етеді. Қазір мекемеде жұмысшыларға арнап бар жағдай жасалған деп толық айта аламыз. Замана талабына сай көп нәрсе жаңаланды. Мысалы, осыдан 3-4 жыл бұрын 1500 метр тереңдіктегі бір скважина 13 күнде қазылатын, қазір жаңа технологиялар іске қосылды, сапа артты, уақыт қысқарды. Сондай-ақ, қазылып жатырған объект туралы мәлімет беріп тұратын электронды мониторлар орнатылды. Бұл да болса жұмыс сапасына оң әсерін тигізуде. Еңбектің оңайы жоқ. Әйтсе де, әр адам өз жұмысын ықыласпен жақсы көріп, жетік меңгерсе ғана алға жылжу болады», - дейді бұрғышы.

18 жасында отау құрған Мерекенің жары Жансая да Сенек ауылының тумасы. Түйдей құрдас ерлі-зайыптылардың шаңырақ көтергендеріне биыл аттай 20 жыл. Балаларының алды студент. Үлкен қыздары Жайнат Ақтөбе қаласында ұстаздық салада білім алуда. Одан кіші ұлы Диас биыл мектеп бітірді. Ханшайым, Раяна, Айша атты кішкентайлар мектепте, балабақшада. 5 баланың анасы, қарашаңырақтың

келіні Жансая да көпбалалы отбасында тәрбиеленген. Қазір Сенек ауылы әкімдігінде мемлекеттік қызметкер.

Мерекенің әкесі Сары Мәтік те өмір бойы ата кәсіп - мал өсірумен айналысқан. Еселі еңбегі үшін Кеңес дәуірінде Ленин орденімен марапатталған, Сенек аулында атына көше берілген. Мереке де қазір әке жолын жалғап, жұмыстан тыс уақытында мал шарушылығымен айналысады. Қазақта еркек ат басында, әйел отбасында деген сөз бар. Бүгінде әкенің абыройлы есіміне кір келтірмей, қарашаңырақтың түтінін түтетіп отырған Мереке Сарыұлының отбасынан осындай қазақилықтың исі аңқып тұр.



М.Матиков отбасымен



МАҚТАУЛЫ МАМАНДЫҚ МЕҢГЕРГЕН

Мұнай – еліміздің экономикасы үшін ірі табыс көзі екендігі жасырын емес. Мемлекет бюджетінің елу пайызға жуығы мұнай өндіру мен оны экспорттаудан толығатыны да белгілі. Аталмыш саланың ыстығы мен суығына төзіп, еңбектеніп жүрген жастар да аз емес. Солардың бірі «Бұрғылау» ЖШС, игеру цехының шебері – Қайсар Сейтмағанбетов.



Қайсар Сейтмағанбетов 1988 жылы 9 маусымда Жаңаөзен қаласында дүниеге келген. Қаламыздағы №10 орта мектепті тәмамдаған соң, Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы жоғарғы оқу орнының мұнай және газ факультетін бітірген. 2007 жылы «Бұрғылау» ЖШС-на қызметке орналасып, осында 11 жылдан бері еңбек етіп келеді. Ес білгелі әкесі мен ағалары бұрғышы қызметін атқарғанын көрген ол бұрғышы болуды армандағанын айтады. Әкесі Нұрлан Сейтмағанбетов Маңғыстау мұнайын игеруде өзіндік орны бар, түбекті түлетуге үлес қосқан азаматтардың бірі. Жас маман қызметке орналасқан кезінде өзін еңбекке баулыған жандардың

қатарында Ідіріс Қаражігітов, игеру цехының басшысы Ғабит Ділмағанбетов, шеберлер Иса Қабақ, Кенжебай Қауқенов есімді азаматтарды атап өтті.

- Еңбек жолын Сисенбаев бригадасында бұрғышы көмекшісі қызметінен бастадым. Қазіргі таңда игеру цехындағы жұмысымыздың мақсаты берілген скважиналардағы интервалдарды атып, май шығару. Бұл жұмыстың бәрі бригададағы жігіттердің ауызбіршілігінің арқасында. Белгіленген жұмыс көлемін абыроймен атқарып, тапсырып жатқанымыз да қуантады, - дейді жас маман.

Қайсар Сейтмағанбетов 2012 жылдан бері шебер қызметінде. Қазіргі таңда қарамағында 20 жұмысшы бар. Жас маман өз өмірін басқа салалармен байланыстыра алмайтынын, зейнетке шыққанша осы мекемеде жұмыс істеуді қалайтынын алға тартты.

Жұмыстан бос уақытында «Бұрғылау» ЖШС, игеру цехының футбол құрама командасында теңбіл доп теуіп, арқан тартысады. Хоббиі нәтижесіз де емес, жыл сайын игеру цехы футбол ойнынан жүлделі 2 және 3 орындарды иеленіп жүрсе, арқан тартыстан ылғи бірінші орынды қанжығалайтын көрінеді. Өткен жылы «Мұнайшы» мәдениет үйінде өткізілген басқармалар арасындағы спорттың әр түрінен өткізілген топтық жарыста «Бұрғылау» ЖШС



жастары бірінші орынды иеленген. 2010 жылы отау құрған Қайсар жұбайымен қазіргі таңда үш ұлды тәрбиелеп отыр.

Еліміздің босағасы берік, іргесі бекем болуы үшін жастардың еңбек етуі керек. Жас мамандар қызметке кеше ғана араласқанымен, келешектегі ел ағалары, атұстарлары емес пе? Ендеше, «дайын асқа тік қасық» демейтін жігіттеріміздің еңбектері жанып, мерейлері үстем бола бергей!



Қ.Сейтмағанбетов отбасымен

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ЖИЫН ӨТТІ

«Бұрғылау» ЖШС-да Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай жиын өтті. Әлеуметтік даму бөлімінің инженері Мәулен Сыдықбеков ұжымды мерекемен құттықтай келе, мемлекеттік рәміздер мемлекетіміз бен тәуелсіздігіміздің мызғымас негіздерінің бірі екендігін атап өтті. Әнұранмен ашылған іс-шара барысында қызметкерлерге Қазақстан



Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы дайындалған арнайы презентация көрсетілді. Тақырып бойынша қысқаша түсінік беріліп, жиналғандардың бұл орайдағы білімін тексеру мақсатында сұрақтар қойылды. - Іс-шара қазақстандық патриотизм, ел мен халық бірлігі және оның төл белгілерін, саяси тәуелсіздіктің мән-маңызын түйсінуге, мемлекеттік рәміздеріміз – Әнұран, Ту, Елтаңбаны құрметтеуге бағытталды, – деді жиын модераторы Мәулен Сыдықбеков.



АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

Рамазан - Алла тағаланың ерекше ықыласы түскен, шарапаты мол, ізгі ниетті іске сауабы көп, жыл он екі айдың қадірлісі. Иісі мұсылман қауымы үшін осынау қасиетті айда ораза ұстап, құлшылық еткен жандарға ауыз аштыру сауабы мол іс. Осыған орай, «Бұрғылау» ЖШС «Алихан» мейрамханасында дастархан жайып, мекеме қызметкерлеріне арнап ауызашар берді. Алғашқы сөз кезегін алған Теңге ауылы «Қосай ата» мешітінің бас имамы Мырза Мухаммад-Юсуфұлы жиналған көпшілікке және барша мұсылман қауымына бағыштап дұға-тілегін білдірді. Бұл айда Аллаһ Тағаланы көбірек еске алып, одан кешірім тілеу, мүмкіндігінше жұртқа жақсылық жасап, мейлінше ізгі істі көбірек істеу, күнә атаулыдан барынша бойды аулақ ұстап, кембағал жандарға қол ұшын беріп, көбірек ғибадат-құлшылық жасау - үлкен ізгілік екеніне назар аударды. Ауызашар барысында уағыз айтылып, дұға-тілектер айында жиналғандар бір-біріне ізгі ниеттерін білдірумен қатар, өздерінің басын қосып, ауызашар беріп отырған басшылыққа ризашылықтарын жеткізді.



НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР ӨТКІЗІЛДІ

«Бұрғылау» Серіктестігінде қызметкерлердің тек өндіріс жұмысы аясында ғана емес, олардың рухани дамуына, салауатты өмір салтын ұстанып, білімі мен білігін арттыру мақсатында түрлі мәдени және спорттық шаралар өткізіледі. Осыған орай, Наурыз мерекесі қарсаңында 1 айға созылған цехаралық спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Аталған додада мекеме қызметкерлері шағын футбол, волейбол, стол теннисі, тоғызқұмалақ, бильярд және арқан тарту сияқты спорт түрлерінен сайысқа түсті. Сайыстың соңғы күні арқан тарту ойынымен қорытындыланып, жеңімпаздар диплом, кубок және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ



«Бұрғылау» ЖШС-ның 35 жастан асқан жұмысшылардан құралған шағын футбол командасы ағымдағы жылда бірнеше жарыстарға қатысып, қалалық, облыстық деңгейде жоғары дәрежеде ойын көрсетуде. Соның бірі мамыр айында шағын футболдан өткен Маңғыстау облыстық турниріне қатысып, «+35 футбол кубогын» жеңіп алды. Сайысқа жалпы облыс бойынша 10 команда қатысты.



